

## Атырау қаласының әкімшілік-аумақтық бірлігіне өзгеріс енгізу туралы

Атырау облысы әкімиятының 2007 жылғы 7 мамырдағы N 131 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 18 мамырдағы N 439-III шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 22 маусымда N 2494 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Атырау қаласы әкімиятының 2006 жылғы 1 желтоқсандағы N 338а қаулысы мен Атырау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 251 шешімі негізінде облыс әкімияты қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етті:

1. Ауданы 48 гектар құрайтын "Ближний подхоз" ауылы Атырау қаласы Ақсай ауылдық округінің құрамынан шығарылып, Атырау қаласы аумағының құрамына е н г і з і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і ) .

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың*

*Облыс әкімі*

*XXV сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*